

"Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 8 маусымдағы № 576 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 9 маусымда № 20840 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 2 шілдедегі № 339 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 02.07.2025 № 339 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 82-бабы 8-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9934 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесінде:

171-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"171. Шығыстардың экономикалық сыныптамасының 431 "Жаңа объектілер салу және қолданыстағы объектілерді реконструкциялау" ерекшелігі бойынша:

1) мердігерлік ұйым төлеу сомасына жабдықты жеткізу бойынша шарттық міндеттемелерді уақтылы орындауға екінші деңгейдегі банктің кепілдігін берген жағдайда инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде дайындаудың технологиялық мерзімі бір жылдан асатын күрделі энергетикалық жабдықтар құнының;

2) әскери мақсаттағы жаңа объектілерді салуға және қолданыстағы бар объектілерді реконструкциялауға жұмсалатын шығындарға ақы төлеу үшін;

3) мердігерлік ұйым төлеу сомасына жабдықты жеткізу бойынша шарттық міндеттемелерді уақтылы орындауға екінші деңгейдегі банктің кепілдігін немесе азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шартын ұсынған жағдайда инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде дайындаудың технологиялық

мерзімі бір жылдан асатын медициналық жабдықтар мен медициналық техниканың құнының 50 пайыздан аспайтын мөлшерде аванстық (алдын ала) төлем жасауға рұқсат етіледі.

Әскери мақсаттағы заттар мен материалдарды сатып алуға жұмсалатын шығындарды төлеуге бюджет шығыстары экономикалық сыныптамасының 149 "Өзге қорларды сатып алу" маманданымы бойынша ағымдағы қаржы жылына арналған шарт сомасының 50 пайызынан аспайтын мөлшерде аванстық (алдын ала) төлемге жол беріледі.

Әскери мақсаттағы көлік құралдарын сатып алуға жұмсалатын шығындарды төлеу үшін бюджет шығыстары экономикалық сыныптамасының 413 "Көлік құралдарын сатып алу" маманданымы бойынша ағымдағы қаржы жылына арналған шарт сомасының 50 пайызынан аспайтын мөлшерде аванстық (алдын ала) төлемге жол беріледі.

Әскери мақсаттағы жабдықтарды сатып алуға жұмсалатын шығындарды төлеуге бюджет шығыстары экономикалық сыныптамасының 414 "Машиналар, жабдықтар, құралдар, өндірістік және шаруашылық құрал-саймандарын сатып алу" маманданымы бойынша ағымдағы қаржы жылына арналған шарт сомасының 50 пайызынан аспайтын мөлшерде аванстық (алдын ала) төлемге жол беріледі.";

84-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы департаменті (Ерназарова З.А.) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

Е. Жамаубаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің

Бірінші орынбасары –
 Қазақстан Республикасы
 Қаржы Министрінің
 2020 жылғы 8 маусымдағы
 № 576 бұйрығына
 қосымша
 Бюджеттің атқарылуы және
 оған кассалық қызмет
 көрсету ережесіне
 84-қосымша
 № 4-09 нысаны
 Есеп айырысу жүргізілді:
 Күні – Уақыты
 1-ден № дейінгі парақ

Мерзімді міндеттемелердің егжей-тегжейі

Кезеңі: _____
 Өлшем бірлігі: _____
 Қоры: _____
 Орналасқан жері: _____
 Мемлекеттік мекеме: _____
 Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі / Кіші
 бағдарлама: _____
 Ерекшелік: _____

Күні	өтінім №	Шарттың қосымша келісім нің нөмірі мен күні	Ақша алушының ЖСН (БСН)	Ақша алушының атауы	Хабарлама №	Тағайындау	Міндет теме сомасы	Төлеуге берілетін шоттың №	Төлем күні	Орындалған міндеттемелер бойынша төлем	Міндет теменің қалдығы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
		Жиыны:									

Жауапты орындаушы _____
 (қолы)

Мөрдін орны

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі

